

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
«Психология және педагогика» кафедрасының докторанты  
Муршида Елубаевна Нурғалиеваның 6D010300 «Педагогика және  
психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми  
дәрежесін алуға ұсынылған «Студенттердің интеллектұлды әлеуетін  
арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық  
шарттары» тақырыбына жазылған диссертациясына**

**Пікір**

Диссертант аталған мәселенің көкейкестілігін жоғары оқу орындарындағы кредиттік технологиямен өтілетін студенттердің өздік жұмыстарының әдіснамалық негізі мен зерттелу барысының өз мәнінде өтілмей келетіні жайлы тұғырлы ой-пікірді орнымен келтірген.

Студенттермен ұйымдастырылатын технологиялардың екі түрлі бағытта жүргізілетініне тоқталып, өздік жұмысында студенттердің тапсырма орындау үдерісінде ойлау өнерлерін ұжымдық, топтық, жекелей орындау амалдарын анықтап, оның нәтижеге жеткізер желілерін ашқаны құптарлық.

Нақтылап айтсақ, алдымен ұжымдық ойлау әрекеті, екіншіде ұжымдық ойлау тәсілдері, үшіншіде оқытудың бейінділік жүйесі және т.б. технологиялардың жіктемесін әдіснамалық негізде айқындаған.

Жоғарыдағы проблемаларға қатысты еңбек еткен зерттеуші ғалымдардың әртарапты тұжырымдарын түзіп, қамтылмаған қайшылық туғызар тұстарын ғылыми талапқа сай құрған.

Ғылыми аппараттың тәртібі де, мазмұны да айқын.

Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруда білім мазмұнының атқарар рөлі, ондағы материалдардың орналасу тәртібі, тақырыптардың модульге, блоктарға жіктеліп, өздік жұмысқа ұсынылатын тапсырмалар қарастырылатын нысананың түсінікті болуын деректемемен дәлелдеген.

Өздік жұмысты іске асыруда гносеологиялық, логикалық танымның, онтология мен аксиология секілді өнімді жұмыс жүргізуге басымдық беретін сәттерді алгоритммен ұсынған.

«Өздік жұмыс» ұғымының мәнін ашып, осы іс-әрекетке қатысты үдерістің кестесін құрған.

«Өздік жұмыстың» білім мен ғылым және одан туындайтын тәрбиелілік мүмкіндіктер де назардан тыс қалмаған.

Көрнекті психологтардың да еңбектері (С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготский және т.б.) талданып, студенттердің қабылдау әдістерін іске қосудың амалдарын жіктеген.

Өздік жұмысын оындау үдерісінде қолданатын өнімді әдістердің атқаратын қызметтері нұсқалы тұрғыда қарастырылған. Стандартты емес ойлаудың сан алуан түрлері жіктелген.

Өздік жұмысының нәтижелі болуына кепілдік беретін нысан студенттердің интеллектуалды әлеуетін ұдайы өздік жұмысы арқылы өркендету траекториясы құрылған.



Әбу Насыр әл-Фарабидің диссертант «мүмкіндіктегі сана» деген ұғымын ғылыми тұрғыда талдап, бүгінгі педагогика ілімінде аталған терминге сабақтас «стохастика» нысаны екеніне екпін жасаған. «Стохастика» ұғымы «студенттердің әрбір жаңа сабақта деңгейінің белгісіз» – дегенді білдіретіні және оны ілгерілету мәселелерін шешу жолдары анықталған. Мұның өзі, педагогика іліміндегі жаңалық екенін байқаймыз.

«Модельдеу», «модель жасау» секілді ұғымдарды зерттеп, «мақсатты компонент»-тің жүйесі ұсынылған.

Докторант жоғарыдағылардың бір-бірімен байланысын сақтап, өздік жұмысындағы теориялық ұсынған жаңалықтарын эксперименттен өткізген.

М.Е. Нургалиева жоғары оқу орнында 15 жыл жұмыс атқару барысында өзін ғылыми-теориялық ұстанымын тәжірибеде ұтымды қолданып, өз әріптестерінің көшбасында екені байқалды.

Жоғарыда айтылғандар негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарын қанағаттандырады.

М.Е. Нургалиеваның «Студенттердің интеллектулды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талаптарға сай орындалған, 6D010300 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) диссертациялық жұмысын көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесшісі:

С. Торайғыров атындағы университеті,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор



Е. Жұматаева

